

**Мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесінің
2025– 2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

№	Іс-шаралар	Мерзімдер	Жауаптылар
1. Ұйымдастыру жұмысы			
1.1	Қамқоршылық кеңестің №1 жалпы жиналысы 1.«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355-бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы № 56-бұйрығымен бекітілген, Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібімен танысу. 1.Қамқоршылық кеңестің жаңа оқу жылындағы жұмысын ұйымдастыру, кеңес құрамын нақтылау. 2.2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту	Қазан	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері
1.2	Қамқоршылық кеңестің №2 жалпы жиналысы 1.Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағдайымен танысу 2.Балалардың тамақтануын ұйымдастыру жағдайын талқылау 3.Жаңа жылдық іс-шараларды ұйымдастыруға қолдау көрсету	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері

1.3	Қамқоршылық кеңестің №3 жалпы жиналысы 1. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және салауатты өмір салтын насихаттау мәселесін қарау 2. МДҰ ғимаратын абаттандыру жұмыстарын және аумағын көгалдандыруды ұйымдастыру. Көгалдандыру бойынша еріктілер жұмысын ұйымдастыру.	Наурыз	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері
1.4	Қамқоршылық кеңестің №4 жалпы жиналысы 1. Мектепке дейінгі ұйымда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру және келісу. 2. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңестің қаражатын пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін айқындау. 3. Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс қорытындысын шығару	Мамыр	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері

«Еркемай» жеке бөбекжайының Қамқоршылық кеңесінің №1 жалпы жиналысының ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні «17» қыркүйек 2025 жыл

Өткізілген орны Бөбекжай ғимараты

Төрағасы: Серикова Инаббат Сансызбаевна.

Хатшысы: Умбетгалиева Аида Сериковна

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері 5 адам, бөбекжай меңгерушісі
Г.Х.Амирова

Күн тәртібінде:

1. Бөбекжайында қамқоршылық кеңесті ұйымдастыру;
2. Қамқоршылық кеңес туралы ережемен таныстыру;
3. Кеңес төрайымы, мүшелерін сайлау, міндеттерін бөлу.

Жүру барысы:

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша бөбекжай меңгерушісі Г.Х.Амирова сөз алып, Қамқоршылық кеңес дегеніміз қоғам мен бөбекжай арасындағы өзара қарым-қатынас жасау құралы, серіктестік негізінде жергілікті қоғамдастық пен бөбекжай арасындағы байланысты орнатуға мүмкіндік беретін ашық жүйе екенін атап өтті.

Қамқоршылық кеңес қоғамдық бастамаларда үнемі жұмыс жасап тұратын алқалық басқарудың бір түрі болып табылады. Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты — бөбекжайының мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға жәрдемдесу, білім беру қызметінің сапасын арттыру, сондай-ақ бөбекжайының материалдық базасын нығайту мақсатында қосымша қаражат және мүлік ресурстарын тарту.

Бөбекжай үшін қамқоршылық кеңесінің болуы көптеген артықшылықтар береді. Қамқоршылық кеңесін құру арқылы бөбекжай бюджеттен тыс қаржы іздеп қана қоймай, бөбекжай мүддесін түрлі деңгейлерде көтеріп, адамдарды тартады. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы тегін жасалады. Оның жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтты.

2. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша бөбекжай меңгерушісі «Қамқоршылық кеңес туралы ережемен» таныстырды. Қамқоршылық кеңес қоғам мен

3. Бөбекжай арасындағы өзара қарым-қатынас жасау құралы, серіктестік негізінде жергілікті қоғамдастық пен бөбекжай арасындағы байланысты орнатуға мүмкіндік беретін ашық жүйе және қоғамдық бастамаларда үнемі жұмыс жасап тұратын алқалық басқарудың бір түрі.

Негізгі мақсаты бөбекжай мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға жәрдемдесу, білім беру қызметінің сапасын арттыру болып табылатынын айта келіп, ондағы жалпы ереже, Қамқоршылық кеңес құрамы, Қамқоршылық кеңесінің міндеттері, Қамқоршылық кеңесінің құқықтары мен міндеттері, іс қағаздары, қағидалары және жұмысын тоқтату сияқты сегіз бөліміне жеке-жеке тоқталып баяндады.

Бөбекжай меңгерушісі Г.Х.Амирова жаңа оқу жылындағы жұмысын ұйымдастыру, кеңес құрамын нақтылау туралы сөз алды. 1. бөбекжайының негізгі міндеттері;

2.қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ету; 3.материалдық-техникалық базаны жақсарту; 4.аумақты абаттандыру және көгалдандыру; 5.мерекелік және тәрбиелік іс-шараларға қолдау көрсету.

4. Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша бөбекжай меңгерушісі Г.Х.Амирова сөз алып, Қамқоршылық кеңес төрағасы, мүшелері және хатшысы сайлану керек екендігі туралы айтты. Кеңес төрағалығына, мүшелігіне және хатшылығына бірауыздан төмендегі құрам сайланды:

Кеңес төрағасы: Серикова Инаббат Сансызбаевна – №3 ЖОББМ мұғалімі, «Ботақан» ересек тобының ата-анасы;

Кеңес хатшысы: Едильбаева Б.А.- әдіскер;

Кеңес мүшелері:

1. Жанғалиева Малика – ата-аналар өкілі, аудандық кітапхананың кітапханашысы.;
2. Ниталиева Гульжанар Маратовна – №2 ЖОББМ мұғалім ;
3. Сериков Мирлан Адильбекович – КПО, инженер КИПиА.
4. Елеусинов Турар Леспаевич – жеке кәсіпкер;
5. Жаманова Нурия Ажбаевна «Еркемай » жеке бөбекжай,қазақ тілі мұғалімі
6. Максотова Аэлиа Дулатовна - жеке кәсіпкер
7. Хамитов Талғат Муратович -жеке кәсіпкер.

Сайланған құрам мүшелері қамқоршылық жұмыстарының жүруіне атсалыссын деп шешілді.

Шешімі:

1. Қамқоршылық кеңес жұмысы жүйелі жүргізілсін.
2. Қамқоршылық кеңес туралы ереже басшылыққа алынып, жұмыстар жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы:



Серикова И.С..

Жиналыс хатшысы

Умбетғалиева А.С.

**«Еркемай» жеке бөбекжайының Қамқоршылық кеңесінің №2
жалпы жиналысының ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні «19» желтоқсан 2025 жыл
Өткізілген орны Бөбекжай ғимараты
Төрағасы: Серикова Инаббат Сансызбаевна.
Хатшысы: Умбетгалиева Аида Скриковна

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері 7 адам, бөбекжай меңгерушісі Г.Х.Амирова
бөбекжай медбикесі Атамас Н.Ю.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1 Балалармен бірге жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау ұйымдастыру және өткізу
- 2 Тиімді тамақтануды ұйымдастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау.
- 3 Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану бағыттарын нысандарын мөлшері мен тәртібін айқындау.

ТАЛҚЫЛАУ ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР:

1 Бірінші мәселе бойынша

Тыңдалды: Бөбекжай меңгерушісі Г.Х.Амирова сөз алып қатысушыларды мектепке дейінгі ұйымның 2025–2026 оқу жылына арналған Даму бағдарламасымен және жылдық жұмыс жоспарымен таныстырды. Ол бөбекжайның алға қойған мақсаттары мен оқу тәрбие үдерісінің басым бағыттарына тоқталып өтті. Осы бағыттар бойынша қамқоршылық кеңес тарапынан ұсынымдар әзірлеу қажеттілігі айтылды.

Сөз сөйледі: Кеңес төрағасы Серикова Инаббат Сансызбаевна Даму бағдарламасында көрсетілген балалардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін арттыру шараларын қолдайтынын білдіріп кеңес мүшелерін осы бағытта бірлесе жұмыс істеуге шақырды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: Мектепке дейінгі ұйымның 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары назарға алынсын басым бағыттары бойынша кеңестің ұсынымдары бекітілсін.

2 Екінші мәселе бойынша

Тыңдалды: Г.Х.Амирова меңгеруші балалармен бірге өткізілетін жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау және ұйымдастыру барысы туралы баяндады. Ол мерекелік сценарийлердің дайындығы топтарды безендіру және балаларға арналған қауіпсіздік шараларының сақталуы туралы ақпарат берді.

Сөз сөйледі: Ата-ана М.Жангалиева, ертеңгіліктерді өткізу кезінде балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне баса назар аударуды сонымен қатар мерекелік шаралардың мазмұнды әрі қызықты өтуіне ата-аналар қауымдастығы да атсалысатынын жеткізді.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

Жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау және өткізу жоспары мақұлданып шараларды ұйымдастыру барысында техникалық және өрт қауіпсіздігі ережелерінің қатаң сақталуы қамтамасыз етілсін.

3 Үшінші мәселе бойынша

Тыңдалды: Бөбекжайның медбикесі Атамас Н.Ю. балалардың тиімді тамақтануын ұйымдастыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырды. Ол бекітілген ас мәзірінің заңды нормаларға сәйкестігін тағамдардың сапасы мен калориялылығын және азық-түліктердің сақталу жағдайларын баяндады.

Сөз сөйледі: Кеңес мүшесі балалардың денсаулығы үшін сапалы тамақтанудың маңызы зор екенін атап өтіп қамқоршылық кеңес тарапынан асхана жұмысына және тағам сапасына мерзімді түрде қоғамдық бақылау жүргізуді ұсынды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: Бөбекжайында тиімді тамақтануды ұйымдастыру үшін жасалған жағдайлар қанағаттанарлық деп танылсын тағам сапасын бақылау мақсатында кеңес мүшелерінен құралған бракераждық комиссия құрамының жұмысы жандандырылсын.

4 Төртінші мәселе бойынша

Тыңдалды Жиналыс төрағасы мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту қажеттілігін алға тартты. Осы мақсатта қамқоршылық кеңестің есепшотына түскен ерікті қаражатты пайдаланудың нақты бағыттарын нысандарын мөлшері мен тәртібін айқындауды ұсынды. Қаражатты топтарға қажетті заманауи дамытушы құралдар мен ойыншықтар сатып алуға жұмсау мәселесі талқыланды.

Сөз сөйледі: Ата-ана Максотова Аэлиа Дулатовна жиналған ерікті қаражаттың мөлшері мен жұмсалыу тәртібі толықтай ашық болуы тиіс екенін және сатып алынатын жабдықтардың тізімі кеңес мүшелерімен келісілуі керектігін айтты.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ Материалдық-техникалық базаны нығайту үшін қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану бағыттары мен тәртібі бекітілсін бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалыуы бойынша есеп келесі отырыста тыңдалсын.

Жиналыс төрағасы:



Серикова И.С..

Жиналыс хатшысы



Умбеталиева А.С.

**«Еркемай» жеке бөбекжайының Қамқоршылық кеңесінің №3
жалпы жиналысының ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні «13» наурыз 2026жыл

Өткізілген орны бөбекжай ғимараты

Төрағасы : Серикова И.С.

Хатшысы: Умбеталиева А.С.

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері 7 адам, бөбекжай меңгерушісі

Г.Х.Амирова

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және салауатты өмір салтын насихаттау мәселесін қарау
2. МДҰ ғимаратын абаттандыру жұмыстарын және аумағын көгалдандыруды ұйымдастыру
Көгалдандыру бойынша еріктілер жұмысын ұйымдастыру, «Мейірімді жүрек» акциясын ұйымдастыру.

ТАЛҚЫЛАУ ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР:

1 Бірінші мәселе бойынша

Тыңдалды бөбекжай меңгерушісі Г.Х.Амирова сөз алып тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және салауатты өмір салтын насихаттау мәселесін қарау. Бөбекжай тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау мақсатында күн тәртібі ұйымдастырылып, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қимыл-қозғалыс белсенділігі қамтамасыз етіледі. Таңертеңгілік жаттығулар, дене шынықтыру сабақтары, қимылды ойындар және серуендеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіледі. Балалардың таза ауада көбірек болуына жағдай жасау – денсаулықты нығайтудың маңызды бағыттарының бірі. Серуен кезінде балалардың қауіпсіздігі сақталып, қимылды ойындар арқылы олардың белсенділігі арттырылады.

Сөз сөйледі Ата-ана Максотова Аэлига Дулатовна дұрыс тамақтану да балалардың денсаулығын сақтауда маңызды орын алады. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тамақтануы ұйымдастырылып, тағамның сапасы мен қауіпсіздігіне көңіл бөлінеді.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: Балалардың денсаулығын сақтау бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру.

Екінші мәселе бойынша

Тыңдалды: Бөбекжай меңгерушісі Г.Х.Амирова көктемгі маусымның басталуына байланысты балабақша аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарының маңыздылығын алға тартты. Ол аулаға тал егу гүлзарлар отырғызу жұмыстарына еріктілерді тартуды белсенді қатысуды ұсынды.

Сөз сөйледі: Кеңес мүшесі Жанғалиева Малика бөбекжай ауласын жасыл желекке айналдыру балалардың денсаулығы мен экологиялық тәрбиесі үшін пайдалы екенін айтып сенбілік күндерін белгілеуді және ерікті ата-аналарды жұмылдыруды қолдады.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: Бөбекжай аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарының жоспары бекітілсін. Жасыл табиғат аясында еріктілер тобы құрылып тиісті жұмыстар ұйымдастырылсын.

2 Үшінші мәселе бойынша

Тыңдалды: Жиналыс төрағасы мектеп жасына дейінгі балалар мен ата-аналардың қатысуымен «Мейірімді жүрек» акциясы шарасын ұйымдастыру туралы сөз қозғады. Бұл шараның мақсаты балаларды кішкентайынан табиғатты аялауға қоршаған ортаны таза ұстауға баулу және отбасылық құндылықтарды нығайту екені айтылды.

Сөз сөйледі: Ата-ана Максотова Аэлиа Дулатовна аулалармен бірге тазалық акциясына қатысудың тәрбиелік мәні зор екенін атап өтіп, қызықты ойын нысанында өткізуді ұсынды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: Балалар мен ата-аналарға арналған «Мейірімді жүрек» акциясы шарасын өткізу уақыты белгіленсін және оны ұйымдастыру шаралары кеңес мүшелерімен бірлесіп атқарылсын.

3 Төртінші мәселе бойынша

Тыңдалды: Меңгерушісі Г.Х.Амирова бөбекжай кітап оқуды ұйымдастыру және өткізу бағдарламасы туралы баяндама жасады. Ол балалардың сөздік қорын дамыту және кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында әр топта заманауи әрі тартымды кітап бұрыштарын жабдықтап жаңарту қажеттілігін атап өтті.

Сөз сөйледі Кеңес мүшесі Сериков М.А.топтардағы кітап бұрыштарын көркем және ертегі кітаптармен толықтыру үшін ата-аналар арасында Кітап сыйла акциясын өткізуді ұсынды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ Бөбекжай кітап оқу жобасын іске асыру шаралары мақұлдансын топтардағы кітап бұрыштарын жабдықтау және толықтыру жұмыстары қолға алынсын.

Жиналыс төрағасы:



Серикова И.С..

Жиналыс хатшысы



Умбетталиева А.С.

**«Еркежан» жеке бөбекжайының Қамқоршылық кеңесінің №4
жалпы жиналысының ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні «20» мамыр 2026 жыл

Өткізілген орны Бөбекжай ғимараты

Төрағасы : Серикова И.С.

Хатшысы : Умбеталиева А.С

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері 7 адам, бөбекжай меңгерушісі
Г.Х.Амирова

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Мектепке дейінгі ұйымда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру және келісу.
2. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңестің қаражатын пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін айқындау.
3. Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігінің немесе облыстың аудандық/қалалық Білім басқармасына Қамқоршылық кеңес мектепке дейінгі ұйымның жұмысынан анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізу.

ТАЛҚЫЛАУ ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР:

1. Бірінші мәселе бойынша:

Тыңдалды: Бөбекжай меңгерушісі Г.Х.Амирова сөз алып, алдағы жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарымен таныстырды. Ол балалардың жаз айларында таза ауада көп болуын, спорттық және сауықтыру шараларының жиі өткізілуін, сумен шынықтыру және күн сәулесінен қорғау ережелерін баяндап, осы жоспарды қамқоршылық кеңеспен келісуді ұсынды.

Сөз сөйледі: Ата-ана Жанғалиева Малика жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлу керектігін, ауладағы ойын алаңқайларының талапқа сай болуын және ішетін судың уақытылы берілуін қадағалауды сұрады.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары мақұлданды және кеңес тарапынан келісілсін.

2. Екінші мәселе бойынша:

Тыңдалды: Жиналыс төрағасы Серикова Инаббат Сансызбаевна мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын оқу жылының соңында нығайту және жазғы жөндеу жұмыстарына дайындау мәселесін көтерді. Осы мақсатта қамқоршылық кеңестің ресми есепшотындағы ерікті қаражатты пайдаланудың нақты бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін айқындау ұсынылды. Қаражатты тозығы жеткен ойын құралдарын жаңартуға және топтарды ағымдағы жөндеуден өткізуге бағыттау талқыланды.

Сөз сөйледі: Ата-ана Сериков Мирлан бөлінетін қаражаттың әрбір теңгесі тек балалардың игілігіне жұмсалуды тиіс екенін және сатып алу үдерісінің ашық жүруін бақылауды ұсынды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: Материалдық-техникалық базаны нығайтуға бағытталған қамқоршылық кеңес қаражатының жұмсалудың көлемі мен тәртібі бекітілсін; сатып алынған материалдардың есебі келесі отырысқа ұсынылсын.

3. Үшінші мәселе бойынша:

Тыңдалды: Кеңес мүшесі Елеусинов Турар сөз алып, оқу жылы барысында қамқоршылық кеңес тарапынан балабақша жұмысына жүргізілген бақылаудың нәтижелерін ортаға салды. Ол мониторинг кезінде анықталған кейбір ішкі кемшіліктерді атап өтіп, оларды жою бойынша балабақша

әкімшілігіне немесе қажет болған жағдайда Білім басқармасына ресми ұсыныстар енгізу қажеттілігін алға тартты.

Сөз сөйледі: Ата-ана Нұрғалиева Сериков Мирлан Адильбекович анықталған кемшіліктерді алдымен бөбекжай әкімшілігімен бірлесе отырып, ішкі мүмкіндіктер арқылы жоюға тырысу керек екенін, ал егер ол нәтиже бермесе, жоғары органдарға хат жолдау дұрыс болатынын айтты.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: Қамқоршылық кеңес анықтаған жұмыстағы кемшіліктерді жою туралы ресми ұсыныстар хаты дайындалсын және оны орындау үшін бөбекжай әкімшілігіне нақты мерзім белгілене отырып жолдансын.

Жиналыс төрағасы:



Серикова И.С..

Жиналыс хатшысы



Умбетғалиева А.С.

«Еркемай» жеке бөбекжайының Қамқоршылық кеңесі қызметінің 2025–2026 оқу жылына арналған ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Бөбекжай меңгеруші: Г.Х.Амирова

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Серикова И.С.

2025–2026 оқу жылы кезеңінде «Еркемай» жеке балабақшасы жанындағы Қамқоршылық кеңес өз жұмысын бекітілген жоспар негізінде және заңнама талаптарына сай нәтижелі атқарды. Жыл бойы бөбекжай директоры Г.Х.Амирова бастаған мекеме әкімшілігімен бірлескен жүйелі іс-қимылдар жүзеге асырылды. Атқарылған жұмыстардың қорытындысы негізгі төрт бағыт бойынша айқындалады.

1. Алқалы отырыстар мен ұйымдастыру шаралары

Оқу жылы ішінде Қамқоршылық кеңестің жоспарлы 4 жалпы жиналысы ұйымдастырылды.

Қазан айында өткен алғашқы жиналыста Оқу-ағарту министрлігінің № 56-бұйрығымен бекітілген жаңа үлгілік қағидалар негізге алынып, кеңестің жаңа құрамы жасақталды. Сонымен қатар, ғимаратты қысқы маусымға дайындау шаралары қаралды.

Қамқоршылық кеңестің жаңа оқу жылындағы жұмысын ұйымдастыру, кеңес құрамын нақтылау. 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағдайымен танысу

Желтоқсан айы.Балалардың тамақтануын ұйымдастыру жағдайын талқылау,Жаңа жылдық іс-шараларды ұйымдастыруға қолдау көрсету.Балалардың жаңа жылдық ертеңгіліктерін ұйымдастыру және сапалы тамақтануды қалыптастыру мәселелері шешімін тапты.

Наурыз айы Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және салауатты өмір салтын насихаттау мәселесін қарау, тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау – балабақша ұжымының, ата-аналардың және Қамқоршылық кеңестің ортақ міндеті. Баланың дені сау болып өсуі үшін оған дұрыс тамақтану, қозғалыс,таза ауа, жеке бас тазалығы және психологиялық тұрғыдан жайлы орта қажет.Сондықтан балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, балаларға салауатты өмір салтын күнделікті өмір дағдысы ретінде қалыптастыру – біздің басты міндеттеріміздің бірі.МДҰ ғимаратын абаттандыру жұмыстарын және аумағын көгалдандыруды ұйымдастыру. Көгалдандыру бойынша еріктілер жұмысын ұйымдастыру,Наурыз айында дайындық барысы пысықталып, ауланы абаттандыру жұмыстары ұйымдастырылды, «Мейірімді жүрек» акциясы мақұлданды. Топтарда кітап бұрыштарын жаңарту ісі қолға алынды.

Мамыр айындағы қорытынды төртінші жиналыста жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс кестесі келісіліп, жыл бойы анықталған ішкі кемшіліктерді жою туралы әкімшілікке ұсыныстар жолданды.

2. Қаржылық ашықтық және қайырымдылық қызметі

Оқу жылының басында (қыркүйек айында) бөбекжай жанынан демеушілік көмектер мен ерікті жарналарды қабылдайтын арнайы банктік бақылау шоты іске қосылды. Кеңес мүшелері осы шотқа түскен қаражаттың бөлінуі мен жұмсалуды тікелей қадағалады.

Барлық ерікті қаражаттар балаларды әлеуметтік қолдауға, бөбекжайының материалдық-техникалық базасын (МТБ) нығайтуға, дарынды тәрбиеленушілерді ынталандыруға және топтардағы заттық-кеңістіктік ортаны дамытуға жұмсалды. Қаржылық жыл аяқталғаннан кейін қаражаттың қозғалысы туралы толық есеп балабақшаның ресми интернет-ресурсында орналастырылып, ата-аналар қауымдастығы үшін толық ашықтық қамтамасыз етілді.

3. Қоғамдық бақылау және мониторинг жұмыстары

Кеңес мүшелері тарапынан тәрбиеленушілер мен ата-аналардың құқықтарының сақталуына, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды кез келген қысым мен зорлық-зомбылықтан қорғауға бағытталған қоғамдық бақылау тұрақты жүргізілді.

Оқу жылының ішінде 4рет бөбекжайдағы санитариялық-гигиеналық жағдайларға, тамақ сапасына, ауыз су режиміне және аула аумағының тазалығына мониторинг жасалды. Менгеруші Г.Х.Амирова мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасы, жұмыс қорытындылары мен демеушілік қаражатты пайдалану туралы есептері кеңес отырысында (жылына екі реттен кем емес) тыңдалды.

4. Мәдени-тәрбиелік шаралар және әлеуметтік серіктестік

Қыркүйек айында әлеуметтік осал топтағы отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында «Мейірімді жүрек» акциясы ұйымдастырылды.

Жыл бойы түрлі олимпиадалар, байқаулар мен көрмелерде орын алған бүлдіршіндерді марапаттау шаралары атқарылды.

Желтоқсан айында қолдау тауып, мұқтаж отбасылардан шыққан балаларға жаңа жылдық сыйлықтар үлестірілді. Мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары да жоспар бойынша жүргізілді.

Мамыр айында Халықаралық Отбасы күніне арналған іс-шаралар өткізілді. Оқу жылы ішінде ата-аналар арасында 1 рет анонимді сауалнама ұйымдастырылып, оқыту жағдайларына қанағаттану деңгейі зерделенді. Кеңес мүшелері жыл ішінде 4 рет ата-аналар жиналыстары мен қоғамдық тыңдауларға белсенді қатысты.

Қорытынды бағалау

2025–2026 оқу жылына жоспарланған барлық міндеттер «Еркемай» бөбекжайының басшылығымен тығыз серіктестікте толық орындалды. Қамқоршылық кеңес балалардың қауіпсіз ортада сапалы тәрбие алуына және мекеме деңгейін арттыруға өз үлесін қосты деп есептеледі.

Жиналыс төрағасы:



Серикова И.С..

Жиналыс хатшысы



Умбеталиева А.С.

